

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 2-к бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 171 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 2-к бұйрығына мынадай өзгерістер пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комитеттің орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, № 11 кіреберіс.";

14 тармақта:

3-абзацтың орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;"

5-абзацтың орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"Комитеттің құзыреті шегінде шығармашылық сайыстарды (конкурстар, олимпиадалар, фестивальдар, ойындар), көрмелерді, конференцияларды, форумдарды, шеберлік сыныптарын, тағылымдамаларды және басқа іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;"

15-тармақта:

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) орталық мемлекеттік органдарда және олардың ведомстволарында, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

20) тармақшаның орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"20) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және басқа да тілдерінің беделін арттыруға бағытталған ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер мен әдістемелік семинарлар ұйымдастыру және өткізу;"

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) Қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 31-1) және 31-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"31-1) Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

31-2) Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын қолдап отыру және дамытуға жауапты заңды тұлғаны айқындау;"

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті белгіленген мерзімде осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі*

С. Нұрбек